

А.С.Ибраева, Б.К.Аязбекова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: aimanibraeva23@mail.ru)*

Диалог мәдениеттер тілдесуінің формасы ретінде

Мақалада мәдени динамика үшін анағұрлым қажетті мәдени қарым-қатынас жасау формаларының бірі мәдениет сұхбаты туралы мәселе қарастырылды. Авторлар мәдениеттер сұхбатының деңгейлерін, түрлерін және типтерін, мәдениетаралық тілдесудегі коммуникативтік шиеленістердің себептерін қарастырды. Заманауи әлеуметтік мәдени жағдаятта адамның әлеуметтік мәдени және психологиялық аспектілерде бейімделуі оның қоғамға енуінің ажырамас бөлігі болып табылады және бейімделудің екі аспектісі де адамның интеграция стратегиясының артықшылығы мен табыстылығы туралы сеніміне байланысты деген мәселені тілге тиек еткен.

Кілт сөздер: мәдениет сұхбаты, мәдени динамика, мәдениетаралық шиеленіс, мәдениет типі, психологиялық және әлеуметтік бейімделу, ұлттық рух, плюрализм, толеранттық, демократия, мәдениеттер тендігін мойындау.

Мақалада біз жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы, өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс — мәдениет, оның ішінде мәдениет сұхбаты, мәдениет шиеленісі және мәдениет типологиясы туралы сөз қозғамақпыз.

Бүгінгі таңда сұхбат адамның және адам іс-әрекетінің жемісі — мәдениеттің болмыстық сипаты ретінде кең мағынада қарастырылуда. Жалғыз басты, өзімен өзі ғана шектелген адам баласының болуы мүмкін емес. Адам жасампаздығының қайнар көзі — адамның басқалармен бірлесе өмір сүруінде жатыр. Сондықтан мәдениет те тек мәдениеттер сұхбаты ретінде тіршілік ете алады.

Сұхбат адамның, мәдениеттің «өзіндік» шекарасынан шығу қажеттілігін қамтамасыз етеді, өйткені адам да, мәдениет те өзіне өзі тепе-тең емес, өзімен ғана шектелмеген дүние. Адамның да, мәдениеттің де болу мүмкіншілігі тек «шекаралық жағдайда» жүзеге асады. Адамның басқа адаммен, мәдениеттің басқа мәдениетпен сұхбаты, қарым-қатынасы негізінде ғана бұл әлемдегі бар құндылықтар дүниеге келеді. «Мәдениетті мәдениеттер сұхбаты ретінде түсіну қажет (бұл — тавтология емес, бұл — мәдениет анықтамасының спиралі). Мәдениетті жеке тұлғалар сұхбатының бір түрі ретінде қарастыру керек...» [1].

Адам санасы оның әлеуметтік болмысының жемісі ретінде адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасауының нәтижесінде қалыптасады.

Сұхбат адамдардың бір-бірімен пікір алысуымен шектелмейді, ол дегеніміз — адамдардың қатынасы. Тіпті бір ауыз сөз айтылмаса да, ешбір мағлұмат алынбаса да, сұхбаттың болу мүмкіншілігі бар, өйткені сұхбат — ішкі, көрер-көрінбес әрекеттің бір-біріне бағышталғандығы.

Әлемдегі адамдардың бәрі бірдей емес, сол сияқты олардың сұхбатта болу мүмкіншіліктері де әр түрлі, дұрысырақ айтсақ, өзіне берілген сұхбаттық мүмкіншілікті әркім әрқалай пайдаланады, кейбіреуі тіпті пайдаланбайды десе де болады. М.Бубердің айтуынша, сұхбаттағы өмір дегеніміз — көп адамдармен істес болу деген сөз емес, көп адамдармен істес бола тұрып шынында да солармен бірге болу.

Шынайы сұхбат басқаларды көзіңмен көріп, солардың даурыққан даңғылын естуден басталмайды, шынайы сұхбат жаныңның терең түпкіріндегі «Басқаға» деген құлшынысыңнан, «Басқаға» деген сүйіспеншілік сезімнен басталады.

Мәдениет — сұхбаттық мүмкіншілігі ұлан-асыр ашық құндылықтар жүйесі. Мәдениет адамның белсенді іс-әрекетінің, еркін шығармашылығының, оның ішкі мәндік қасиетінің көрінісі. Ешқандай мәдениет жеке-дара емес. Ол әрқашанда басқа мәдениеттермен байланыса отырып, тіршілік етеді әрі соның нәтижесінде жетістіктерге де жетеді. Мәдениет дегеніміз — адамның адаммен қатарласа өмір сүру мүмкіншілігінің табиғи тәсілі. «Мәдениет жеке адам ретінде тұлғаландырылғанда, ал мәдениеттер қарым-қатынасы жеке тұлғалар қарым-қатынасы ретінде қарастырылғанда ғана мәдениет шынайы мәдениет болып есептеледі [1].

Мәдениет сұхбаты — түрлі мәдениеттер арасында қалыптасқан тікелей өз ара байланыстардың, сонымен қатар олардың нәтижелерінің, осы қарым-қатынас негізінде пайда болған өзара

өзгерістердің жиынтығы. Мәдениет сұхбаты — мәдени динамика үшін анағұрлым қажетті мәдени қарым-қатынас жасау формаларының бірі. Мәдениет сұхбаты барысында әлеуметтік ұйымдастыру формалары мен әлеуметтік іс-әрекет үлгілері, құндылықтар жүйесі мен дүниеге көзқарас түрлері, мәдени шығармашылықтың қалыптасуының жаңа формалары және өмір сүру салты, яғни мәдени үлгілер өзгеріске ұшырайды. Мәдени сұхбаттың келесі деңгейлерін ажыратуға болады:

– жеке тұлғалық, табиғи мәдени ортасындағы мәдени дәстүрлеріне қарай адами тұлғаны қалыптастыру немесе өзгертуге ықпал етумен байланысты;

– этникалық, көбінесе тұтас социумдар шеңберінде, түрлі әлеуметтік қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынасқа тән;

– ұлтаралық, түрлі мемлекеттік-саяси ұйымдар мен олардың саяси элиталарының өзара түрлі әрекет жоспарларына байланысты;

– өркениетті, принципті түрде түрлі әлеуметтік типтер, құндылықтар жүйесі мен мәдени шығармашылықтар формасына негізделген; мәдени сұхбат бұл деңгейде анағұрлым драмалы, яғни, бір жағынан, бұл дәстүрлі мәдени пара-парлықты көмескілендіру болса, екінші жағынан — бірегей мәдениетаралық зерттеу өрісін құратындықтан, инновациялық іс-әрекет тұрғысынан өте тиімді болып табылады;

– мәдени сұхбат сындарлы-тиімді түрде ғана емес, сол сияқты шиеленіс түрінде өтуі мүмкін [2].

Шиеленістің пайда болуы түрлі себептермен түсіндіріледі. Ішінара адамдар арасындағы араздық пен қате пікір өмір бойы келе жатқан нәрсе және бұл инстинктивті түрде айырмашылықты жақтырмайтын адамның табиғатымен байланысты деген көзқарас бар. Зерттеулер бұл гипотезаны және шетелдіктерге деген араздықты, сол сияқты белгілі бір халыққа байланысты қате пікірдің жалпыға тән емес екендігін дәлелдей отырып, жоққа шығарады. Шиеленістер әлеуметтік сипатқа тән себептердің әсерінен пайда болады. Ұлтаралық шиеленістердің пайда болу ауқымы (жалпы шиеленістер сияқты) өте кең: оның негізінде тілді жетік білмеу ғана емес, осыған байланысты қарым-қатынас жасау кезінде әріптесін түсінбеу ғана жатқан жоқ. Бұл жерде қатысушылардың өздері де анық аңғармайтын, терең бір себептер болуы мүмкін. Пайда болған шиеленісті тек қана қарым-қатынас жасау үдерісінің деструктивті жағы деп қарастыруға болмайды, олардың сонымен қатар тиімді аспектері де бар. Позитивті шиеленіс теориясына сәйкес шиеленіс күнделікті өмірдің болмай қалуы мүмкін емес бір бөлігі деп түсіндіріледі және міндетті түрде дисфункционалды сипатқа ие болмайды. Шиеленіс дегеніміз — қайшылықтың кез келген түрі немесе қызығушылықтардың сәйкес келмеуі. Шиеленіс динамикалық сипатқа ие және бірнеше оқиғалардың соңын ала пайда болады, қалыптасқан жағдайға байланысты дамиды. Шиеленістің пайда болуы коммуниканттар арасындағы қарым-қатынастың жойылуы деген сөз емес; бұл жерде қарым-қатынас жасаудың қалыптасқан үлгісінен ауытқу туралы сөз болып отыр, қарым-қатынастың әрі қарай даму бағыты позитивті және негативті түрде болуы мүмкін. Басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас жасау үдерісінде шиеленіс мен шиеленістің себебі көбінесе атрибуция кемшіліктері болып табылады. Мәдени ерекшеліктерді білу немесе білмеу, оның ішінде діни және идеологиялық аспектіні қосқанда, атрибуцияны құруда үлкен рөл атқарады. Осындай ақпаратқа ие болу белгілі бір мәдениетке байланысты ненің қажетті немесе неге шек қойылатындығын анықтайды. Шиеленістердің пайда болуының жеке себептеріне айқын көрініп тұратын бірбеткейлік, жаңылыс қадам бастыратын жеке басқа тән қажеттіліктер, бейімделуге деген төмен дайындық немесе қабілеттілік, бұғып жатқан ашу, қыңырлық, айқын көрініп тұрған атакқұмарлық, мансапқұмарлық немесе билікке ұмтылушылық, өте сенбеушілік жатады. Шиеленістердің бұл себептері тек қана нақты бір адамның жеке қасиеттеріне негізделеді.

Шиеленістердің пайда болуының әлеуметтік себептеріне айқын көрініп тұрған бақталастық, қабілетті жеткілікті бағаламаушылық, қолдау көрсетудің жеткіліксіздігі немесе келісімге келуге дайын болмаушылық немесе оған қол жеткізу үшін қарама-қайшы келетін мақсат қою мен амалдар жатады.

Шиеленістерді ұйымдастыру себептеріне көп міндет жүктеу, дұрыс берілмеген нұсқаулар, міндетті немесе жауапкершілікті дұрыс түсінбеу, бір-біріне қарама-қайшы келетін мақсат қоюшылық, қарым-қатынас жасау барысында жеке бір мүшелерге байланысты ережелер мен ұйғарымды үнемі өзгерту, қалыптасқан көзқарас пен рөлдерді немесе олардың құрылымын терең өзгерту жатады. Бір-біріне анағұрлым бағынышты адамдардың арасында шиеленістің пайда болу мүмкіндігі өте зор. Неғұрлым тығыз байланыс болса, соғұрлым шиеленістердің пайда болуы мүмкін; сонымен бірге басқа бір адаммен қарым-қатынас жасау жиілігі сол адамға байланысты шиеленіс жағдайының пайда болу мүмкіндігін арттырады. Бұл формалды немесе формалды емес байланыстарға да тиісті.

Мәдениетаралық байланыста коммуникативтік шиеленістердің пайда болуына мәдени айырмашылықтар ғана жатпайды. Оның негізінде билік немесе мәртебе мәселелері, әлеуметтік жіктелу, ұрпақтар шиеленісі және т.б. жатыр.

Шынайы өмірде «таза» мәдениетаралық шиеленістер кездеспейді. Түрлі мәдениеттер өкілдері арасындағы шиеленістер қарым-қатынас жасаудағы әріптесінің мәдени ерекшеліктерін білмеуден туады деу орынсыз. Сондықтан тек мәдени айырмашылықтарды білу мәдениетаралық шиеленістерді шешудің кілті деп қиялға берілуге болмайды. Заманауи шиеленістерді шешу туралы қағида бойынша келесі бес тәртіп стильдерін ұстану арқылы шиеленістерді реттеуге немесе анағұрлым әлсіретуге болады.

Жарыс — «кім әлді, соныкі дұрыс» — активті стиль, ол ынтымақтастыққа қол жеткізбейді. Бір тарап өзінің мақсатына қол жеткізеді және өз мүддесіне жету жолындағы іс-ірекетінің екінші тарапқа қандай әсері барын есепке алмайды. Бұл бір тараптың екіншісіне тәуелді болуына әкеліп соғады.

Ынтымақтастық — «келіндер, бірігіп шешейік» — активті, ынтымақтастыққа бағытталған стиль. Бұл жағдайда екі жақ мәселені шешуге, келіспеушіліктің себебін анықтауға, ақпарат алмасуға тырысады.

Шиеленістен бас тарту — «мені жайыма қалдырындаршы» — пассивті, ынтымақтастыққа бағытталмаған стиль. Бір тарап шиеленістің бар екенін мойындайды, оны болдырмау немесе басып тастауды айналып өтетін стиль түрін таңдайды және ол өз-өзінен шешілуі мүмкін деген үміт артады. Шиеленіс жағдайын шешу кейінге қалдырылады, оны шешу немесе басып тастау үшін жартылай ғана күш жұмсалады немесе анағұрлым күшті конфронтацияны айналып өту мақсатында жасырын іс-шаралар жүргізіледі.

Жұмсақтық — «тек сізден кейін ғана» — пассивті, ынтымақтастыққа бағытталған стиль. Кейбір шиеленіс жағдайында бір тарап екінші тараптың мүддесін өзінікінен жоғары қояды, оны татуласуға шақыруға талаптанады. Бұл жағдай көнгіштік және бағыныштылыққа әкеліп соғады.

Компромисс — «бір-бірімізді түсіне білейік» — бұл жағдайда екі тарап та өз талаптарынан бас тартады, бір-бірінің талаптарына көнеді. Бұл жағдайда ешкім жеңбейді және жеңіліске ұшырамайды. Шиеленістің бұл түрінен шығу жолына келіссөз, өзара тиімді келісімге келудің жолдары мен варианттарын іздеу жатады.

Мәдениет типі — бұл мәдени бірліктердің басын қосатын, топтастыратын және оларды бір-бірінен ажырата білетін ұқсастық, ортақтық [3].

Өміршең сан қырлы мәдениеттерді түрлі мәдениеттер типі ретінде реттестіретін, жүйелейтін, топтарға бөлетін ғылыми таным әдісі типологизация деп аталады. Типологизация мәдениеттануда қолданылатын ғылыми әдіс ретінде әлеуметтік мәдени нысандарды және олардың топтарын кейбір ортақ негіздеріне, белгілеріне байланысты бөлшектеу, біршама дәріптелетін мәдениеттің немесе типтің типологиялық үлгісін құру.

Мәдениет типі бірнеше белгілер негізінде құрылады:

- дінмен байланысы (діни және діни емес мәдениеттер);
- белгілі бір аймаққа қатысты мәдениеттер (Шығыс немесе Батыс мәдениеті, Жерорта теңізі елдері мәдениеті, латынамерикандық мәдениет);
- тарихи қоғам типіне байланысына орай (дәстүрлі, индустриалды, постиндустриалды қоғам мәдениеті);
- шаруашылық құрылымы (аңшылар және жинаушылар, бақшашылар, жер өңдеушілер, малшылар, индустриалдық мәдениет);
- қоғам саласы немесе іс-әрекет түріне байланысты (өндірістік мәдениет, саяси, экономикалық, педагогикалық, экологиялық, көркем өнер және т.б.);
- территориясына байланысты (ауылдық және қалалық мәдениет);
- арнайы бағытына байланысты (әдеттегі және мамандандырылған мәдениет);
- этникалық жағдайына байланысты (халықтық, ұлттық, этникалық мәдениет);
- шеберлік деңгейі және аудитория типі (жоғары немесе элитарлық, халықтық, көпшілік мәдениет) және т.б.

Әрбір адам қоғамда өмір сүретіндіктен, әлеуметтік шоғырлану оның өмірінің маңызды бөлігі болып табылады және оның жеке дамуы өзі өмір сүретін ортаға бейімделуінен басталады, онсыз адам өзінің айналасындағылармен тіл табыса алмайды, әлеуметтік оқшаулануға, басқаларға деген өшпенділікке, жалғыз қалуға душар болады. Ерте жастан бастап адам қалыптасқан өзін-өзі ұстау

әдетін және ойлау амалдарын бойына сіңіреді, олардың көбі әдетке айналады. Қоғамның толыққанды мүшесіне айналу жеке тұлғаның қажетті білімді, қағидаларды, құндылықтарды, үлгілер мен дағдыларды бойына сіңірулері арқылы жүзеге асырылады. Жеке тұлғаның қоғамдық өмір және мәдениет нормаларын меңгеру үдерісі «әлеуметтену» ұғымын білдіреді, мұның астарында адамдардың қандай да бір қоғамда мәдени үлгілерді игеру ұғымы жатыр. Өзінің күнделікті өмір тәжірибесінде қоғамдық өмірдің түрлі қырларын танып білу алу арқылы адам әлеуметтік және мәдени тұрғыдан қоғамға сайма-сай жеке тұлға болып қалыптасады. Сонымен «әлеуметтену» ұғымы жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға үйлесімді енуін, қоғамдағы құндылықтар жүйесін меңгеруін білдіреді. Әдетте, бейімделу екі аспектіде қарастырылады: психологиялық және әлеуметтік-мәдени. Психологиялық бейімделу дегеніміз — жаңа мәдениеттік ортадағы психологиялық қанағаттанушылық. Жақсы көңіл-күй, психологиялық саулық, сонымен қатар нақты және анық қалыптасқан, жеке немесе мәдени сәйкестік соның көрінісі болып табылады [4].

Әлеуметтік-мәдени бейімделу жаңа мәдениет пен қоғамға еркін үйренуді, күнделікті отбасылық, жұмыстағы, мектептегі мәселелерді шешуді білдіреді. Жұмыс орнының болуы және өзінің кәсіби жетістіктерінің деңгейіне қанағаттанушылық бейімделудің жемісті көрсеткіші болып табылатындықтан, ғалымдар экономикалық бейімделуді өзіндік бейімделу аспекті ретінде қарастырады. Оларға әсер ететін факторлар бір-бірінен өте ажыратылтындықтан, сонымен қатар психологиялық бейімделуді зерттеудің негізі күйзелу және психопатология, ал әлеуметтік-мәдени бейімделуді зерттеудің негізі әлеуметтік дағдылар туралы тұжырымдама болатындықтан, олардың аспектілері жеке қарастырылады.

Бейімделу тұлға мен ортаның өзара сәйкес келу немесе келмеуі мүмкіндігін туғызады және бейімделу ғана емес, сонымен қатар қарсылық білдіру, өзі тұрған ортаны өзгертуге немесе өзі өзгеруге талпыныс жасаудан көрінеді. Бейімделу нәтижесінің спектрі өте жоғары, жаңа өмірге жемісті бейімделу немесе оған қол жеткізуде толығымен сәтсіздікке ұшырау мүмкіншілігі туындайды. Жақсы психологиялық бейімделу адамның жеке басына, оның өміріндегі оқиғаларға, сол сияқты әлеуметтік қолдауға байланысты. Бейімделудің екі аспектісі де адамның интеграцияның артықшылығы мен стратегиясының табыстылығы туралы сеніміне байланысты. Жүзден астам этностардың құт мекеніне айналған Қазақстан үшін түрлі ұлттар қарым-қатынасындағы қалыптасқан төзімділік пен сенімнің маңыздылығы тереңде жатыр.

Қазақстанда азаматтық демократиялық қоғамның орнауы мен дамуы көпмәдениетті білімнің маңызды алғышарты болып табылады, онда ұлтшылдықпен, нәсілшілдікпен, этникалық өзімшілдікпен күрес күшейтілген, әйтсе де басқа елдерге, халықтарға және мәдениеттерге деген ашықтық көрсетілуде, бейбітшілік пен өзара түсіністік сипатындағы тәрбие жұмыстары жүзеге асырылуда. Көпмәдениетті білімді дамытудың маңызды әлеуметтік-саяси айқындаушылары заманауи әлемді дамытудың маңызды құрамы ретінде интеграциялық процестердің қарқынды дамуы, сондай-ақ Қазақстанның және басқа да елдердің өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтай отырып, әлемдік әлеуметтік-мәдени және білім кеңістігіне бірігуге ұмтылуы болып табылады. Интеграциялық процестер Еуропаның көптілді кеңістікке айналуына ықпал етеді, онда ұлт тілдері тең құқыққа ие. Мемлекеттер арасындағы шекаралардың ашылуы адамдардың ұтқырлығын, шет тілдерін үйренуге деген қозғалдысын, сондай-ақ өз елдерінің ішінде де, шет елде де байланысты орнатып, тұрақтандыруын күшейтеді. Жоғарыда айтылғандармен қатар, дамушы елдерде көпмәдениетті білім түсінігінде айқын көрінетін ұлттық-мәдени ерекшелікті сақтау мәселелері де күшейе түсуде. Әлемдік нарықтың енуі тек экономикалық тәуелділікті ғана емес, өзге мәдениеттің таралуына да себеші болады, бұл елдерде өзіндік мәдени санасын қалыптастыру мәселелері алға шығады. Көпмәдениетті білім мәселелерін әзірлеу барысында дамушы елдердің педагогикасында өздерінің өмірлік стильдерін, ұлттық ойлау ерекшеліктерін, тәрбие дәстүрлерін және т.б. жаңаша ұғынуға ұмтылғандығын байқауға болады. Педагогтардың білігі мен біліктілігі барынша мәдени өзіне тән когнитивті стильдердің, мінез-құлық пен байланыс кодтарының әлеуметтік модельдерінің синтезіне қол жеткізуге бағытталған.

Көпмәдениетті тәрбие мақсаттың 3 бағытын көздейді, оларды «әр алуандық», «теңдік» және «бірлес» ұғымдарымен белгілеуге болады:

- 1) мәдени көпқырлылықты құрметтеу және сақтау туралы;
- 2) білім алуға және тәрбиеге тең құқықты қолдау туралы;
- 3) жалпыұлттық саяси, экономикалық, рухани құндылықтар ерекшеліктерінде қалыптастыру туралы.

Көпмәдениетті тәрбиенің түйінді мақсаттары көпсатылы. Осылайша, басқа мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу барысында толеранттылық басқа мәдениетке бейімделудің бастамасы ғана. Бұдан соң толеранттылық, құрмет және белсенді ниеттестік болуы шарт. Түрлі мәдениеттердің ерекшеліктері түсінігіне негізделген өзара әрекеттестік, өзара тәуелділік, өзара алмасу секілді ұғымдар қалыптаса бастайды. Көпмәдениетті тәрбиені басқа мәдениетке, ұлттылықтарға, нәсілге, сенімге ашық, тұлғаның мәдени-әлеуметтік ұқсастықтарын қамтамасыз ететін, педагогикалық күш салулардың бір бөлігі ретінде қарастыру қажет [5].

Көпмәдениетті тәрбие — көпмәдениетті және көпэтникалық қоғамның демократиялық педагогикалық жауабы, әлемдік өркениет алдында тұрған басты педагогикалық мәселелердің бірі — тәрбие мен оқуды, тұтастай қоғамдық өмірді демократияландыру шешімі маңызды шарт болып табылады.

Тәрбие мен білімді тиімді демократияландыру факторы ретінде көпұлтты тұрғындарды көпмәдениеттілікке тәрбиелеуде жекелеген ұлттардың ерекшеліктерін түсіну арқылы өздерінің тілдеріне, мәдениетіне, әлемдік мәдениетке, ерекше бедел мен құндылықтарға ие макро- және субмәдениеттер сұхбаты негізінде адамзат өркениетінің тарихын қоса біріктіреді.

Көпмәдениетті тәрбиенің нәтижелері төмендегідей болуы тиіс:

- басқа халықтарды, олардың мәдениетін, өркениетін, тұрмыстық мәдениетін қосқанда, өмірлік құндылықтарын түсіну және құрметтеу;
- адамдар мен халықтар арасындағы өзара түсіністіктің қажеттілігін ұғыну;
- тіл табысу қабілеттілігі;
- басқа әлеуметтік және ұлттық топтарға қатысты құқықтарды ғана емес, міндеттерді де ұғыну;
- ұлтаралық ынтымақтастық пен ниеттестік қажеттілігін түсіну;
- басқа қауымдастық пен этностың мәселелерін шешуге қатысуға дайын болуы.

Тәуелсіздікке қол жеткізген 20 жылдан астам уақыт ішінде республика халқында толеранттылық турасында өзіндік ұғым қалыптасып қана қоймай, Қазақстан халқы Ассамблеясы негізінде қоғамдық және этносаралық келісімнің бірегей үлгісі жасалды. Біздің елімізде толеранттылық алғашқы кезекте өзара сенім мен сыйластық, ынтымақтастық пен мәдениетаралық сұхбат арқылы кеңейе түседі. Оның негізінде дәстүрлер мен патриоттықтың, жанарудың, бәсеке мен жеңістердің сүзгісінен өтіп қалыптасқан ұлттық рух, мүмкіндіктер теңдігі мен құндылықтар ортақтығы жатыр. Мәдениеттер сұхбаты үшін қажетті шарт — қоғамда плюрализм, толеранттық, демократия және т.б. құлықтылық жағдайлардың үстемдік құруы болып табылады. Адамдар көзқарасындағы плюрализм әр түрлі пікірлер, нанымдар, өмір шарттары, дәстүрлер мен ізгіліктерге алып келеді. Ал толеранттық деген — өзгенің пікіріне, өмір салтына, басқа мәдениетке шыдамдылықпен қарау. Сұхбат өзара сыйласуды, өзара түсінісуді және өзара әрекет етуді білдіреді. Мәдениет дамуындағы демократиялық осыдан байқалады. Бір-бірінен өзгешеліктеріне қарамастан, мәдениеттер бір-бірімен тең қатынас жасайды. Мәдениеттер теңдігін мойындау — әр түрлі мәдениеттердің өмір сүру құқығын мойындау [6].

Ал жас мамандардың біртұтас және жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына, олардың бойындағы өзіндік қабілеттері мен табиғи қасиеттерін барынша дамытуға, көп түрлі мәдениеттер, олардың өзіндік құндылығы, бірегейлігі, бағалылығы және өз ара қарым-қатынасы, байланысының негізі ретінде мәдениеттер сұхбатының алатын орны ерекше.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Библер В. Культура. Диалог культур// Вопросы философии. — 1989. — № 6. — С. 38.
- 2 Кравченко А.И. Культурология: Учебник. — М.: ТК «Велби», Проспект, 2003.
- 3 Сәрсенова Ж.Н. Мәдениеттану: Оқу құралы. — Алматы: Бастау, 2010. — 268 б.
- 4 Белая Е.Н. Теория и практика межкультурной коммуникации: Учеб. пособие. — М.: ФОРУМ, 2011. — 234 с.
- 5 Alain Blondel. Geneviève Briet, Luc Collès, Laure Destercke, Aam Sechavat. Que voulez-vous dire? Compétence culturelle et stratégies didactiques. Guide pédagogique. — Dugulot. — 1998. — 215 p.
- 6 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. — М.: Слово, 2000. — 285 с.

А.С.Ибраева, Б.К.Аязбекова

Диалог как форма общения культур

В статье рассматриваются вопросы диалога культур, как одной из наиболее значимых для культурной динамики форм культурной коммуникации. Авторами показаны также уровни, формы и типы диалога культур, причины коммуникативных конфликтов в межкультурном общении. По мнению авторов, в современной социокультурной ситуации социальная интегрированность человека в общество является неотъемлемой для его адаптации в социокультурном и психологическом аспектах, которые зависят от убежденности человека в преимуществах и успешности стратегии интеграции.

A.S.Ibraeva, B.K.Ayazbekova

About dialogue as a form of culture of communication

This article discusses the issues of the dialogue of cultures, as one of the most important forms of cultural dynamics of cultural communication. The authors also consider the levels, forms and types of dialogue of cultures, the causes of communicative conflicts in intercultural communication. According to the authors, in modern socio-cultural situation, social integration of a person in society is integral to his adaptation in socio-cultural and psychological aspects that depends on the conviction of a person's belief in benefits and success of integration policies.

References

- 1 Bibler V. *Problems of Philosophy*, 1989, 6, p. 38.
- 2 Kravchenko A.I. *Cultural studies: Textbook*, Moscow: TC «Welby», Prospect, 2003.
- 3 Sarsenova Zh.N. *Cultural studies: Textbook*, Almaty: Bastau, 2010, 268 p.
- 4 Belaya E.N. *Theory and practice of intercultural communication: Textbook*, Moscow: FORUM, 2011, 234 p.
- 5 Alain Blondel, Geneviève Briet, Luc Collès, Laure Destercke, Aam Sechavat. *Que voulez-vous dire? Compétence culturelle et stratégies didactiques. Guide pédagogique*, Dugulot, 1998, 215 p.
- 6 Ter-Minasova S.G. *Language and Intercultural Communication*, Moscow: Slovo, 2000, 285 p.